



«Эйр Астана» Акционерлік қоғамы

(«Air Astana тобы» немесе «Топ» немесе «Компания»)

31 наурызда аяқталған үш ай ішіндегі қаржы және операциялық деректер

Жолаушылар тасымалына жоғары сұраныс аясында орнықты қаржылық көрсеткіштер

Шыңдық жазғы кезең қарсаңында өткізу қабілетінің ұлғаюуы

Негізгі көрсеткіштер

- **Маусым тұрғысынан әлсіз алғашқы тоқсандағы кірістердің күшті өсуі**
 - Біржолғы баптарды¹ есептемегенде түсім мен өзге де кірістер өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 13,3% -ға өсіп, 264,7 млн. АҚШ долл. құрады.
 - Біржолғы баптарды¹ есептемегенде EBITDAR көрсеткіші өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 6,9% өсті және 50,0 млн. АҚШ долл. құрады.
 - ОЖКМ көрсеткіші өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13,5% -ға өсіп, 3,4 млрд. құрады.
 - Біржолғы баптарды¹ есептемегенде, ШЖКМ-ға кіріс өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1,6%-ға азайды және негізінен Air Astana-мен салыстырғанда ШЖКМ-нің салыстырмалы төмен көрсеткіші бар FlyArystan авиакомпаниясының өсуі есебінен 6,41 АҚШ центін құрады.
- **Жаз қарсаңында жолаушылар санының және өткізу қабілетінің одан әрі өсуі; флотты және бағыттарды өсу стратегиясына сәйкес кеңейту**
 - Тасымалданған жолаушылардың жалпы саны өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 18,5% -ға өсіп, 1,9 млн адам болды, ал жүктеудің орташа коэффициенті 81,2% болды.
 - ШЖКМ көрсеткіші өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 15,2%-ға өсті және Air Astana-да 8,5% -ға және FlyArystan- да 35,1%-ға өсу есебінен 4,1 млрд. болды.
 - Топтың паркі осы жылғы қаңтарда Air Astana-ға Airbus A321 NEO жеткізілгеннен кейін 50 ұшаққа дейін ұлғайды (есепті кезеңнен кейін FlyArystan-ға Airbus A320neo осы жылғы сәуірде жеткізілгеннен кейін 51).
 - FlyArystan 2025 жылдың бірінші тоқсанында жеткізілетін паркті кеңейту жөніндегі бұрынырақтағы жоспарға қосымша A320ceo тағы екі ұшақтың лизингі туралы келісім жасасты.
 - Жоспарға сәйкес бірінші тоқсанда жазғы шыңдық кезеңде өнімділікті барынша арттыру үшін қозғалтқыштар бос тұрды.
 - Жоғары сұранысқа байланысты шыңдық маусымда кейбір Air Astana рейстерінің тасымал сыйымдылығын ұлғайту жоспарда бар.

- **Экономикалық тиімді модель тұрақсыз нарықта негізгі артықшылық болып қала береді**
 - Компания Pratt & Whitney-мен GTF neo қозғалтқыштарының қолжетімділігі проблемаларынан туындаған Топтың қызметіне әсер етуге байланысты өтемақы және басқа да қолдау туралы келісімге қол жеткізді.
 - Біржолғы баптарды¹ есептемегенде, ШЖКМ үлестік шығыстарының өсуі 0,3% -ға дейін бәсеңдеді және 6,31 АҚШ центін құрады, бұл индустриядағы ұқсас компаниялармен салыстырғанда шығындар бойынша елеулі артықшылық болып табылады. Бұған Air Astana-мен салыстырғанда FlyArystan-дағы ШЖКМ төменірек шығыстарының көбірек өсуі ықпал етті.

- **Экономикалық тиімділік жалғасуда**
 - Алматыға үш мұздануға қарсы машинаны жеткізу тәуелділікті азайтты және шығындардың тиімділігін арттыруға ықпал етті.
 - Кабинадан апаттық эвакуациялау бойынша тренажерді қабылдау мен орнату. Жабдық жаттығулар өткізуге дайын.
 - Халықаралық көздерден алынатын отын 2024 жылдың бірінші жартысында 80 АҚШ долл./барр және 85 АҚШ долл. АҚШ долл./барр бойынша позициялармен толық хеджирленген.

- **Мықты төлем теңгерімі**
 - Ақшалай қаражат 33,8% ұлғайып, 369,5 млн. АҚШ доллар болды, және ақшалай қаражат сатылымға ара салмағы 30,8% (2023 ж. алғашқы тоқсанында 25,1%), ал таза түзетілген борыштың көрсеткіші 2023 жылғы бірінші тоқсандағы 1,6х-пен салыстырғанда 1,2х-ке дейін қысқарды Таза борыш/EBITDAR IPO-дан 2024 жылғы ақпанда 120 млн. АҚШ доллары сомасындағы алғашқы түсімдерді есепке алады.

- **Жаз айларындағы келешек**
 - Алдын ала брондау қисығы жазға сенімді қарауға мүмкіндік береді. Халықаралық брондау қисығы өткен жылғы көрсеткіштерден озып кетті, ал соңғы минуттағы сұраныспен сипатталатын ішкі брондау кресло-километрге неғұрлым жоғары табысқа жету үшін 2023 жылдан төмен.
 - Жазғы кестеде танымал және маусымдық бағыттар бойынша рейстер саны көбейді.
 - Подгорица, Тбилиси және Ираклионға маусымдық халықаралық рейстерді қосу.
 - Орталық Азия мен Кавказ астаналары - Ташкент, Бішкек, Душанбеге, сондай-ақ Баку, Тбилиси және сондай-ақ Үрімшіге ұшу жиілігін арттыру.
 - Астанадан Сеулға тікелей халықаралық рейстерді және Астанадан Қостанайға ішкі рейстерді қайта бастау.
 - Анталия, Грузия, Қытай және Оңтүстік Корея сияқты жоғары сұранысты көрсететін бағыттарға қосымша жазғы тасымалдау сыйымдылықтары қосылды
 - Алматы әуежайында жаңа халықаралық терминалдың ашылуы өсім жөніндегі жоспарларды іске асыруға мүмкіндік береді.

- **Орта мерзімді мақсаттарға жету жолында**
 - Екі бренд бойынша клиенттер тарапынан жоғары сұраныс, атап айтқанда, FlyArystan рейстеріне және халықаралық бағыттарға.
 - 2024 жылы Топ екі бренд бойынша 56 ұшаққа дейін жалпы паркті жеткізе отырып, жеті ұшақ қосуды жоспарлап отыр.

- Флотты оңайлату 2024 жылдың екінші тоқсанында E2 алғашқы ұшақтарын кері жеткізу жолымен неғұрлым ерте мерзімге ауыстырылды. Бұл үлгідегі қалған ұшақтар 2024 жылдың екінші тоқсанында қайтарылатын болады.
- 2024 жылы кресло-километрге жұмсалатын шығын кресло-километрге кірістен озады, ал жүктеме коэффициенті 2023 жылғы деңгейде қалады деп күтілуде.
- Орта мерзімді болашақта EBITDAR маржасы 25% жоғары өтімділік коэффициенті және 3,0x төмен таза түзетілген борыш/EBITDAR кезінде орташадан жоғарыға 20 деңгейінде күтіледі.
- Компания ең жоғары сомасы 12 млн АҚШ долларға дейінгі қызметкерлерге сыйлықақы беру бағдарламасы үшін акциялар сатып алу бағдарламасының бірінші бөлімін бастауды жоспарлап отыр. Бағдарламаның осы бөлімі 2025 жылдың ақпанына қарай аяқталады деп күтілуде.

Сілтеме:

1 біржолғы баптар - 2023 жылдың бірінші тоқсанында төтенше нарықтық оқиғаны (ТНО) туғызған Ресейдегі ішінара мобилизациялаудың әсері және 2024 жылдың бірінші тоқсанындағы IPO шығыстары.

Air Astana тобының бас атқарушы директоры Питер Фостер была деді:

«Мен өткен жылғы жоғары салыстырмалы көрсеткіштер аясында осындай жоғары көрсеткіштер туралы хабарлауға қуаныштымын. Бұған бірінші тоқсандағы дәстүрлі сұраныстың төмендігіне және биыл толығымен дерлік бірінші тоқсанға түскен Рамазан айындағы тыныш кезеңнің ықпалына қарамастан қол жеткізілді.

Air Astana рейстеріне де, FlyArystan рейстеріне де жолаушылар сұранысы жоғары күйінде қалып отыр, бұған Қазақстан ішінде, Орталық Азия бойынша және жақын маңдағы Қытай мен Үндістан мега-нарықтарына авиатасымал санының өсуі ықпал етеді. Маңызды жазғы кезеңге халықаралық брондау саны өткен жылдың көрсеткіштерінен асып кеткендіктен, біз флотты кеңейту және ресурстарды оңтайландыру есебінен қуаттылықты арттырудамыз.

Біздің үлестік шығыстарымыз басқа авиакомпаниялармен тиімді бәсекелесе отырып, қысқа және алыс бағыттарды кеңейтуге мүмкіндік беретін стратегиялық артықшылық болып қала береді.

Pratt & Whitney компаниясымен Top жасасқан өтемақы және қолдау туралы келісім GTF қозғалтқыштарын пайдаланудан алып тастаудан туындаған тасымалдау сыйымдылықтарының шектеулеріне және шығындарына байланысты проблемаларды шешу үшін ерекше маңызды. Салдарды жеңілдету жөніндегі жоспарымыздың аясында біз алтыншы қосалқы қозғалтқышты меншікке және екі қозғалтқышты жалға алдық, сондай-ақ 2025 жылдың бірінші тоқсанында жеткізумен A320neo тағы екі ұшақты жалға алу туралы келісімге қол қойдық. Осылайша, алдағы жазғы маусымда және одан әрі табысты өсу үшін бізде барлық мүмкіндіктер бар.

Әріптестерімнің көрсеткен қажырлы еңбегі мен іске деген адалдығын мойындау үшін біз де өзіміздің ұзақ мерзімді көтермелеу бағдарламамызды іске асыру үшін акцияларды сатып ала бастадық.

Соңында, Адриан Хэмилтон-Маннске соңғы төрт жылда қол жеткізген барлық жетістіктері үшін алғысымды білдіргім келеді, өйткені ол отбасы жағдайына байланысты FlyArystan-ның Президенті қызметінен кетеді. Мен Ричард Леджерді Қазақстанда FlyArystan-ның Президенті міндеттерін атқарушы ретінде қарсы алуға қуаныштымын және оның біздің төмен бюджеттік тасымалдаушымыздың табысты өсімін қамтамасыз ететініне күмәнім жоқ.»

Операциялық және қаржылық шолу

| | 1 тоқсан 2024 | 1 тоқсан 2023 | % өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда |
|------------------|---------------|---------------|--|
| Жолаушылар (млн) | 1,9 | 1,6 | 18,5% |

| | | | |
|--|-------|-------|----------|
| Кезең соңына әуе кемелері паркі (бірлік) | 50 | 43 | 16,3% |
| Жолаушы жүктеме коэффициенті | 81,2% | 82,4% | (1,2 пп) |
| Біржолғы баптарды есептемегенде кірістердің барлығы және және басқа кірістер (млн АҚШ долл.) | 264,7 | 233,7 | 13,3% |
| <i>Түсім және өзге кірістер (млн АҚШ долл.)</i> | 264,7 | 239,1 | 10,7% |
| ЕБИТДАР біржолғы баптарды есептемегенде (млн АҚШ. долл.) | 50,0 | 46,7 | 6,9% |
| <i>ЕБИТДАР</i> | 43,7 | 51,8 | (15,7 %) |
| ШЖКМ көрсеткіші (млрд) | 4,1 | 3,6 | 15,2% |
| ОЖКМ көрсеткіші (млрд) | 3,4 | 3,0 | 13,5% |
| Біржолғы баптарды есептемегенде ШЖКМ кірістері (АҚШ центтері) | 6,41 | 6,51 | (1,6 %) |
| <i>ШЖКМ кірістер (АҚШ центтері)</i> | 6,41 | 6,67 | (3,9 %) |
| Біржолғы баптарды есептемегенде ШЖКМ шығындары (АҚШ центтері) | 6,31 | 6,29 | 0,3% |
| <i>ШЖКМ шығындар (АҚШ центтері)</i> | 6,46 | 6,30 | 2,6% |
| Ақшалай қаражат және банктік теңгерім (млн АҚШ долл.) | 369,5 | 276,1 | 33,8% |
| Таза борыш (млн АҚШ долл.) | 350,9 | 485,9 | (27,8%) |
| Рейстерді уақтылы орындау | 71,5% | 72,5% | 1,0 пп |

Pratt & Whitney PW1100G қозғалтқыштары бойынша өтемақы туралы келісім

Наурызда Top GTF нео қозғалтқыштарының қолжетімділігіне байланысты проблемалар нәтижесінде пайда болған Topтың қызметіне әсер етуге байланысты өтемақыны және басқа да қолдауды көздейтін Pratt & Whitney компаниясымен келісімге қол жеткізді. Pratt & Whitney-мен жасалған келісімдер, техникалық қызмет көрсетуге арналған ұзақ мерзімді келісімшарттарды қоса алғанда, шығындар проблемасын шешуге көмектеседі және осы проблемаларды тұрақты шешуге бағытталған бірқатар сенімді операциялық бастамаларды толықтырады.

Top сондай-ақ IAE компаниясымен PW1100 алтыншы қосалқы қозғалтқышын сатып алу туралы келісім жасасты. Бұл қозғалтқышты 2024 жылғы сәуірде және екі қосымша қозғалтқышты жалға алу Topтың қозғалтқыштармен байланысты проблемалардың салдарын жұмсарту жөніндегі жоспарына сәйкес келеді.

Хеджирлеу стратегиясы

Компанияның отынының 70%-ға жуығы Қазақстаннан келеді, онда ол отынды тікелей мұнай өңдеу зауыттарынан сатып алады және тасымалдауды қоса алғанда логистиканы басқарады. Делдалдық ұйымдардың жоқтығының арқасында компания шығындарды азайтудан пайда табады.

Отынның шамамен 30% шетелден жеткізіледі. Компания осы сатып алуларды «колл» опциондарының көмегімен хеджирлейді. Top 2024 жылдың бірінші жартысында халықаралық нарықта бағаның күтілетін өсуін 80 АҚШ долл./барр. және 85 АҚШ долл./барр толығымен хеджирледі.

Байланыс үшін:

Air Astana тобы

Ирина Мартинез (Инвесторлармен байланыстар жөніндегі қызметінің басшы)
Белла Тормышева (Корпоративтік коммуникациялар жөніндегі вице-президент)

investor.relations@airastana.com
+7 727 258 41 36
media@airastana.com
+7 727 258 41 35

Instinctif Partners (Air Astana тобының инвесторлармен байланыстар және PR жөніндегі кеңесші)

airastana@instinctif.com

Damian Reece
Joe Quinlan
Vivian Lai

+44 7931 598 593
+44 7493 867 439
+44 7493 867 459

Air Astana туралы

Air Astana Тобы кірісі мен әуе флотының көлемі бойынша Орталық Азия және Кавказ аймақтарындағы ең ірі әуекомпаниялар тобы. Air Astana тобы 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған Air Astana толық қызмет көрсететін бренд пен 2019 жылы құрылған FlyArystan бюджеттік тасымалдаушысы арасында үлестірілген 51 ұшақтан тұратын әуе кемелері паркін пайдаланады. Air Astana Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропа арқылы ішкі, өңірлік және халықаралық маршруттарда тұрақты, тікелей және транзиттік, қысқа магистральдық және алыс магистральдық авиатасымалдар мен жүк тасымалдарын қамтамасыз етеді. Air Astana Skytrax World Airline Awards нұсқасы бойынша он бір рет «Орталық Азия мен ТМД-ның үздік әуекомпаниясы» болып танылды және APEX (Airline Passenger Experience Association) ірі әуекомпаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие. FlyArystan сондай-ақ алғаш рет «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік бюджеттік тасымалдаушы» номинациясында Skytrax сыйлығын алды және бүкіл әлем бойынша Skytrax төрт жұлдызды он екі әуекомпаниясының бірі болып табылады. Топтың бағалы қағаздары Қазақстан қор биржасында, Astana International Exchange (AIX) және Лондон қор биржасында орналастырылған (тикер: AIRA).

Глоссарий:

ЕБИТДАР көрсеткіші: шегерімге дейінгі кезең үшін пайда ретінде айқындалады (шығыстар)/табыс салығы бойынша үнемдеу, қаржылық кірістер, қаржылық шығыстар, бағамдық айырмадан шығындар, нетто және тозу және амортизация бойынша шығыстар, сондай-ақ әуе кемелерін жалдау бойынша шығыстар (әуе кемелерін жалдау бойынша ауыспалы шығыстарды, қосалқы қозғалтқыштарды жалдау бойынша шығыстарды, қосалқы бөлшектерді жалдауды, мүлікті жалдауға (кеңсе үй-жайларын жалдауға), жабдықты, техниканы және жер үсті жабдығын жалдауға арналған шығыстарды қоса алғанда).

ШЖКМ: шекті жолаушы-километр

ШЖКМ шығыстары: шекті жолаушы-километрге арналған үлестік шығыстар

Уақтылы орындау көрсеткіші: рейстерді уақтылы орындау көрсеткіші

ШЖКМ кірістері: шекті жолаушы-километрге кірістердің барлығы

ОЖКМ: орындалған жолаушы-километрлер